

Өндірістік хаттама №1

16.09.2025ж.

Ақтау қаласы

Қатынасқандар: 35 қызметкер

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжай қызметкерлерін 2025-2026 оқу жылына арналған терроризмге қарсы іс – шаралар жоспарымен таныстыру.
2. ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңын қарау, түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Өндірістік жиналысты бөбекжай директоры – Балгабаева Д.С. ашып, күн тәртібімен таныстырды, қатысушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, жұмыстарына сәттілік тіледі. Мекеме басшысы күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша:

- Бөбекжайымызда биылғы 2025-2026 оқу жылында 10 топ, олардың ішінде 2 кіші топ, 2 ортаңғы топ, 4 ересек және 2 мектепалды даярлық топтары бар, - деп бастады өз сөзін. Одан әрі мекеме басшысы әр қызметкердің ҚР 1999 жылғы 13 шілдедегі «Терроризмге қарсы іс – қимыл туралы» №416 бұйрығын білуі тиіс екенін атап көрсетті және 2025-2026 оқу жылына бекітілген терроризмге қарсы іс – шаралар жоспарымен таныстырды.

Сұрақ жоқ.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, бөбекжай әдіскері – Аргенова Р.К сөз алды.

- ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңын баршаңыздың назарларыңызға ұсынамын. Заң баршаға бірдей, оған барлығымыз бағынамыз, - дей келіп, әдіскер «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл жөніндегі бағдарламаны» жүзеге асыру бойынша бөбекжайдың 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды.


Сұрақ жоқ.

Шешімі:

1. Бөбекжайда 2025-2026 оқу жылына арналған терроризмге қарсы іс – шаралар жоспары бойынша жұмыстар өз уақытында орындалсын.
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл жөніндегі бағдарламаны» жүзеге асыру бойынша бөбекжайдың 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сай жұмыстар уақытымен жүргізілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Балгабаева Д.С.

Андасова Ш.М.